



Түркістан облысының білім  
саласында сапаны қамтамасыз  
ету департаментінің басшысы  
Г.Алматовқа

### Мәлімет

Түркістан облысы, Жетісай ауданы «Сазген» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС-і мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысымен танысып, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» талаптарын орындауда кеткен кемшіліктерді орындап, сәйкесінше құжаттарды талапқа сәйкестендіріп балабақша сайтының [https://sazgen-edu.kz/?page\\_id=644](https://sazgen-edu.kz/?page_id=644) кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырғандығын хабарлайды.

Осыған орай, 2024 жылдың 5-ші тамызынан кейін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабы 8-11 тармағына сәйкес «Сазген» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС-не білім беру қызметінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» талаптарына сәйкестігіне қорытынды беруді сұрайды.

Балабақша меңгерушісі:



Г. Раймкулова



Түркістан облысының білім  
саласында сапаны қамтамасыз  
ету департаментінің басшысы  
Г.Алматовқа

**Жетісай ауданы «Сазген» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған  
кемшіліктердің жойылғандығы туралы  
ЕСЕП МӘЛІМЕТ**

«Сазген» бөбекжай-балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
2024 жылдың мамыр айында мемлекеттік аттестаттаудан өткізілді.  
Мемлекеттік аттестаттау барысында төмендегі кемшіліктер анықталды:

1. 2022-2023 оқу жылдары аралығында 08:00-18:30 күн тәртібі жасалынып 10,5 сағатпен бекітілген. 31 тамыз 2022 жылғы № 385 бұйрығымен бекітілген Үлгілік қағидаларының талаптарына сағат саны сай келмейді.

**Кемшіліктер түзетілді:** 2022-2023 оқу жылдар аралығында күн тәртібіндегі қателікпен жұмыс атқарылып, кемшіліктер жойылды. Атап айтқанда 31 тамыз 2022 жылғы №385 бұйрықпен бекітілген Үлгілік қағидалардың талаптарына сағат санын сәйкестендіріп, күн тәртібі 9 сағатпен бекітілді. Құжаттары балабақша сайтының [https://sazgen-edu.kz/?page\\_id=644](https://sazgen-edu.kz/?page_id=644) кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

2. 2021-2022 оқу жылында ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесінің апталық жүктемесінде ересек «Балапан» ортаңғы тобында 1-2, 3-4 аптасында 12 сағат жазылған, 1 сағат артық (11 сағат болу керек), Топтарға түзілген апталық жүктеме сағаты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №577 бұйрығымен бекітілген 1 қосымшасына сәйкес келмиді.

**Кемшіліктер түзетілді:** 2021-2022 оқу жылында ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесінің апталық жүктемесінен кеткен қателікпен жұмыс атқарылып, кемшіліктер жойылды. Атап айтқанда «Балапан» ортаңғы тобындағы 1-2, 2-3 аптасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №577 бұйрығымен бекітілген 1 қосымшасына сәйкес сағат саны 11 сағатпен бекітілді. Құжаттары балабақша сайтының [https://sazgen-edu.kz/?page\\_id=644](https://sazgen-edu.kz/?page_id=644) кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

3. 2021-2022 оқу жылында балабақшада жас ерекшелігі сақталмай топтарға толтырылған. Атап айтқанда, «Құлыншақ» кіші тобында топта 20 бала қабылдану керек болса, 25 бала қабылдаған. 2023-2024 оқу жылында балабақшаның берілген тізіміне сүйенсек қателіктер анықталған. «Ақ көгершін» ересек тобында 6 жасар бала топта отырған, жас ерекшеліктері дұрыс толтырылмаған.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының (ҚР ОМ 2022ж 31 тамыздағы №385 бұйрығы) 8 тармағына сәйкес: топта жас ерекшеліктері екі түрлі болған жағдайда 15 баладан, үш түрлі (3,4,5 жастағы балалар) болған жағдайда 20 баладан артық болмауы тиіс.

**Кемшіліктер түзетілді:** Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезіндегі талаптар бойынша қателікпен жұмыс атқарылып, кемшіліктер жойылды. Атап айтқанда 2021-2022 оқу жылында «Құлыншақ» кіші топта жас ерекшелігін ескере отырып 20 бала қабылданды. ҰББДҚ қоры мәліметтері талапқа сәйкестендіріліп, 2023-2024 оқу жылында тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы (3 қосымша) толықтырылып төменде құжат танысу үшін ұсынылды. Сонымен қатар тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 аралығында жүзеге асыруда жіберілген қателіктер талапқа сәйкестендірілді. Құжаттары балабақша сайтының [https://sazgen-edu.kz/?page\\_id=644](https://sazgen-edu.kz/?page_id=644) кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне орналастырылды.

Балабақша меңгерушісі:

*Раимкулова*



Раимкулова